Ғылым мен техниканың дамуы шарықтап тұрған заманда қоршаған ортада туындап отырған бірқатар келеңсіз факторлар адамның денсаулығына, атап айтқанда иммунитетке теріс әсерін тигізуде. Бұл мәселені оңтайлы шешуде арнайы медициналық емдеу көздерімен қатар көкөністерді тиімді пайдалана білудің де мәні баршылық.

Арнайы әдебиеттерде құрамы адам ағзасына қажетті дәрумендерге, көмірсуларға, органикалық, минералды және хош иісті заттарға бай болып келетін жалпы саны баршылық көкөністерді ботаникалық, шаруашылық және тіршілігінің ұзақтығына байланысты жіктеу қабылданған. Аталған жіктеулерден көкөніс дақылдарын ботаникалық белгілері мен

өсімдіктер жүйесіндегі орнына сәйкес, олардың туыстық байланысына негізделген жіктеу дәлірек деп танылатыны.

Жалпы көкөніс дақылдары ботаникалық жіктеуге сай 21 тұқымдасқа топтастырылады. Дақылдар саны бойынша жасаған талдау төмендегідей деректерді жинақтауға мүмкіндік берді (Кесте 1).

Кесте 1 – Көкөніс дақылдары топтасқан тұқымдастар спектрі

Р/с	Тұқымдастың латынша, қазақша атауы	Көкөніс дақылының саны	Кең қолданыстағы дақыл атауы
1	Brassicaceae Орамжапырақтылар	17	орамжапырақтар: ақ және қызыл қауданды, кольраби, брокколи, пекиндік; ақжелкек (түбіртамыр), шомыр, шалқан, шалғам
2	Apiaceae Шатыргүлдер	14	сәбіз, аскөк (укроп), балдыркөк (сельдерей), ақжелек (петрушка)
3	Lamiaceae Тауқалақайлар	11	райхан, насыбайгүл (базилик), жұпаргүл (душица), бұрыш жалбыз
4	Alliaceae – Жуалар	10	басты пияз, порей, шалот пиязы, сарымсақ
5	Asteraceae -Астралар	7	жер алмұрты (топинамбур), жапырақты ақсүттіген
6	Cucurbitaceae Асқабақтар	7	асқабақ, қияр, кәді, қауын, қарбыз
7	Fabaceae -Бұршақтар	6	егістік асбұршақ, кәдімгі үрмебұршақ, қытай бұршақ

Берілген кесте мазмұны көкөніс дақылдарының саны жағынан алдыңғы жетекші 3 орынды *Brassicaceae* (17), *Apiaceae* (14) және *Lamiaceae* (11) тұқымдастары алатынын көрсетеді. *Brassicaceae* тұқымдасына қатысты қарастырылып отырған 17 түрлі көкөністің ішінен 10-ы, яғни 53% орамжапырақ түрлерінің (ақ қауданды, қызыл қауданды, түсті, брюссель, пекин, қытай, жапырақты және савой орамжапырағы, кольраби және брокколи) үлесіне тиесілі келеді.

Apiaceae тұқымдасы күнделікті ас әзірлеуде жиі қолданылатын сәбіз, аскөк, балдыркөк, ақжелек т.б. бірқатар көкөністерімен жетекші екінші орынды алады. *Lamiaceae* (11) және *Alliaceae* (10) тұқымдастары көкөністер түр бойынша шамалас болып, жетекші 3 және 4 орында тұр. Бұл тұқымдастар құрамындағы жұпаргүл, насыбайгүл, бұрыш жалбыз және ежелден бағалы дәрілік өсімдік деп саналған пияздың барлық түрлері топтасқан.

Asteraceae (7), *Cucurbitaceae* (7) және *Fabaceae* (6) тұқымдастары саны жағынан алғанда аз болғанымен, құрамына жапырақты ақсүттіген, асқабақ, қияр, егістік асбұршақ, кәдімгі үрмебұршақ секілді қолжетімді қоректік мәні ерекше көкөністерді біріктіреді.

Жетекші тұқымдастар спектрінде жалпы түрлер санының аз болуына орай қарастырылмаған, *Chenopodiaceae* – Алабұталар (асханалық қызылша, мангольд), *Solanaceae* – Алқалар (баялды, бұрыш, қызанақ) тұқымдас көкөністерінің тағамдық және дәрумендік маңызы өте жоғары.

Жалпы алғанда қарбыз, асқабақ, тамыржемісті көкөніс түрлері, жасыл асбұршақ, қантты жүгері көмірсуларға, ал ақжелек пен орамжапырақ, қымыздық, тәтті бұрыш, шалғам, шпинат және қызанақ С дәруменіне бай көкөністер деп танылған.

Көкөністерді жіктей келе В.И.Эдельштейн оларды 7 топқа бөлген. Бұл жіктеуге көкөністердің кешенді белгілері, атап айтқанда ботаникалық ерекшеліктері, өнім мүшелері мен жалпы өсіру тәсілдері негіз болған. В.И.Эдельштейн ұсынған өндірістік жіктеуге

жоғарыда қарастырған ботаникалық жіктеудің тұқымдастары тұрғысынан талдау нәтижесі келесі сәйкестікті көрсетеді: орамжапырақтылар (Brassicaceae), жемістілер (*Cucurbitaceae, Solanaceae, Fabaceae)*, тамыржемістілер (*Apiaceae, Brassicaceae, Chenopodiaceae*), жуалықтар (*Alliaceae*), жапырақтылар (*Asteraceae, Lamiaceae*). Өндірістік жіктеуге жақшалар ішінде берілгендерден басқа жекелеген тұқымдастарды атауға болады, мақалада негізінен түрлері көп тұқымдастар алынды.

Көкөністік дақылдардың тұқымдарының өскін беруінен солуына дейінгі, яғни тіршілік ұзақтығы бойынша жіктеуі белгілі. Бұл жіктеуге сай көкөністер бір жылдық (бірқатар *Solanaceae, Cucurbitaceae* тұқымдас өсімдіктер, аскөк, жебіршөп), екі жылдық (сәбіз, қызылша, шомыр т.б.) және көп жылдық дақылдар (қымыздық, рауғаш, алжелкек т.б.) деп бөлінеді.

Талдау жасау барысында аталып отырған қай тұқымдастың болмасын кез келген өкілінің маңызын қарастыруға толығымен болады. Солардың ішінде жылдың төрт мезгілінде де салыстырмалы түрде қол жетімді деп санауға болатын қиярдың маңызына, оның сорттары мен сортүлгілерін өсіру ісіне тереңірек тоқталып өтпекпіз.

Қияр көк түйнегінің шамамен сұрпына байланысты 100 грамында 0,6 г ақуыз, 2,5 г қанттар, 0,1г майлар, 0,1-3 г крахмал, 10 мг С дәрумені (адам ағзасының тәуліктік қажеттілігі 60-100 мг) бар деп есептеледі. Қияр құрамындағы минералды заттардың оңтайлы арақатынасы оның бойында негіздердің мол болуына ықпал етеді (шомырдан басқа көкөністер қиярға теңесе алмайды). Қиярдың несеп қышқылын еріте алу қабілеті осы көрсеткішінің жоғары болуына байланысты анықталған. Қиярда калийдің мол болуы (1400 мг/л) ағзадан сұйықтың шығарылуына ықпал етеді. Парфюмерияда, косметика өнеркәсібінде кең қолданыста болуына қияр шырыны мүмкіндік береді [2].

Университет тарапынан гранттық қаржыландырылатын биология кафедрасында жүзеге асырылып жатырған «Ашық және қорғалған топырақта отандық селекциялық қияр сорттарын өсірудің технологиясы» тақырыбындағы ғылыми-инновациялық жоба аясындағы зерттеулерге қатысып, тиісті мәліметтер жинақталуда.

Қазіргі таңда «Жұбанов жылыжайларында» егілген қиярдың отандық «Ұлар st.», «Асылым» және ресейлік «Кураж» сорттарына фенологиялық бақылаулар А.И. Руденконың әдісі арқылы жүргізілуде (Сурет 1).



A B C

Сурет 1- Қиярдың отандық «Ұлар st.» (A,B) және ресейлік «Кураж» (C) сорттарын пасынкалау сәті

Сонымен қатар қиярдың вегетациялық кезеңінде алғашқы және 5-ші нағыз жапырақтарының пайда болу мерзімі, жанама желілердің қалыптасуы, негізгі осі мен 1-ші қатардағы өркендерінде аналық, аталық гүлдерінің өнуі, аналық мүшесінің қалыптасуы, жемістерді жинаудың 1-ші және соңғы уақыты есепке алынуы шарт.

Жылыжай жағдайында қиярдан жоғары сапалы өнім алу үшін барлық кешенді шараларды уақтылы және жоғары дәрежеде жүргізу қажет. Бақылаулар жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Алдағы уақытта алынған нәтижелерге сүйене отырып, ғылыми-инновациялық жобалар құруға әдістемелік нұсқаулар құрылады.

Көкөністердің талданып өткен жіктелуі мен барлық маңызы олардың адамдар тіршілігінде орнын алмастыруға болмайтын дақылдар екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде оларды әлі де болса тереңірек зерттеулердің қажеттілігіне, олардың өндірісін кеңейту көкөніс шаруашылығының өзекті мәселелерінің бірі болып қала беретініне меңзейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әрінов Қ.К., Қ.М. Мұсынов, А.Қ.Апушев, Н.А. Серекбаев, Н.А. Шестакова Н.А., Арыстағұлов С.С. Өсімдік шаруашылығы. –Алматы: «Дәуір», 2011. -Б.3-7.

2. Щепетков Н.Г., Ысқақов М.Ә. Жеміс-көкөніс шаруашылығы. –Алматы:ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 536 б.

3. https://www.kaznaru.edu.kz/page/dissovet/dissovet_2015/diss-abzeitova.pdf

ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯДАН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Cognitive activity and tasks of formative assessment in biology

А.Қ. Жолдыбаева
A.K. Zholdybayeva

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті. Ақтөбе, Казахстан
e-mail: kuttybaevna@mail.ru

Аннотация. Қазіргі білім берудің негізгі міндеті – білім алушылардың бойында шығармашылық ойлау қабілеті, шешім қабылдаудағы дербестік, бастамашылдық, өз бетінше ойлау, білім алу мен оны қолдану сияқты жеке қасиеттерді қалыптастыру. Білім адамның басында әуел бастан болмайды; ол оны өз өмірінің барысында, практикалық іс-әрекетінің нәтижесінде игереді. Адамның жаңа білімдерді игеру процесі таным болып табылады. Өзектілігі: әрбір жеке тұлғаның шығармашылықпен ойлауы, ынталылығы мен құштарлығы, дәстүрлі емес шешім қабылдау қабілеттері, кәсіби жол таңдау білігі, өмір бойы білім алуға даярлығы – оның ең басты функционалдық қасиеттері болып табылады. Жоғарыда аталған мәселелер таңдап алынған зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық тұрғыдан өзектілігінің жоғары екеніне меңзейді. Мақсаты: Танымдық іс-әрекетті теориялық тұрғыдан қарастыра отырып, биологиядан қалыптастырушы бағалау тапсырмаларының мәнін анықтау.

Түйінді сөздер: танымдық іс-әрекет, қалыптастырушы бағалау, білім беру, кретериальды бағалау.

Аннотация. Основная задача современного образования – формирование у учащихся личностных качеств, таких как способность творчески мыслить, самостоятельность в принятии решений, инициативность, самостоятельное мышление, обучение и его применение. Знание не начинается с самого начала; он осваивает это в течение своей жизни, в результате практических действий. Процесс приобретения новых знаний называется познанием. Актуальность: креативность, солидарность и сплоченность каждой личности, нетрадиционные кабинеты принятия решений, умение выбирать профессиональный путь, готовность к обучению на протяжении всей жизни – вот главные ее функциональные качества. Вышеизложенные вопросы свидетельствуют о том, что выбранная тема исследования является теоретической и практической. Цель: выявить сущность

заданий формативного оценивания познавательной деятельности по теоретической постановке и биологии.
Ключевые слова: познавательная деятельность, формирующая оценка, образование, критериальное оценивание.

Abstract. The main task of modern education is the formation of students' personal qualities, such as the ability to think creatively, self-determination in decision-making, initiative, self-awareness, fitness and self-discipline. Knowledge does not start at the beginning; he assimilates it during his life, as a result of practical actions. The process of acquiring new knowledge is called cognition. Relevance: creativity, solidarity and cohesion of each individual, unconventional decision-making rooms, the ability to choose a professional path, readiness for lifelong learning – these are her main functional qualities. The above questions indicate that the chosen research topic is theoretical and practical. Goal: to identify the essence of the tasks of formative assessment of cognitive activity in theoretical formulation and biology.
Keywords: cognitive activity, formative assessment, education, criteria assessment.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Іс-әрекетке әртүрлі анықтамалар беріледі. Іс-әрекеттің философиялық анықтамасында ол «айналадағы дүниеге адамның ерекше адамгершілік түрдегі қарым-қатынасы» деп көрсетіледі [1, б. 120]. Қазақ совет энциклопедиясында: «Іс-әрекет – айналадағы дүниеге, қоршаған ортаға белсенді ықпал етіп, оны белгілі мақсатқа сай өзгертудің тек адамға ғана тән формасы. Іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесі бүкіл адамзат қоғамының тарихи қалыптасуы мен дамуы арқасында жүзеге асып отырған. Табиғаттағы өзгерістер мен өркениет, материалдық игіліктер дүниесі адамзаттың бүкіл мәдениеті мен рухани қазынасы» – делінген [2, б. 63]. Педагогикалық энциклопедияда: «Іс-әрекет адамдардың қоғамдық-тарихи болмысының ерекше түрі, олардың табиғи және әлеуметтік шындықты бағытты түрде өзгертуі», – деп анықтама берілген.

Елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін мектеп табалдырығынан бастап-ақ білім мен ғылымды ықпалдастырып, ғылыми ойлау қабілетін дамыту қажет. Бұл үшін биология пәнінің мазмұны мен құрылымы және сабақ өткізуге тиісті материалдарды сарап-тап алуын тағайындаудан басқа,ең маңызды мәселелердің бірі оның әдістерін де орынды қолдана білу керек. Пәннен сабақ өткізу әдісін дұрыс таңдап, қолданбаған жағдайда әрбір ұстаз алдына қойған мақсатына жете алмайды.

Танымдық іс-әрекеттің қалыптасуы өздігінен тұйыққа тірелген автономиялық үрдіс емес. Ол – тек әлеуметтік орта қоршауымен, адамның өзіндік қызмет сипатымен ғана емес, жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекеті, танымдық қажеттілігін оятуға ынталандыратын оқу және тәрбие үрдісі, жеке басының белсенділігімен, ұжымдылық іс-әрекет рөлімен және оның ұстаған позициясымен үндесе жүргізілетін күрделі үрдіс [3, б. 168].

Оқушылардың танымдық іс-әрекеті – жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдылық, еріктік, сезімталдық үдерістер мен мотивтер бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалдық жеке қасиеттерін және біліктерін дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу жұмысы.

Танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және оны жетілдіру мәселесі төңірегінде жүргі-зілген зерттеулерді талдай отырып, бұл мәселені өмірде шешудің түрлі жолдарын төмендегіше бөліп көрсетуге болады:

– танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп шешу арқылы.

–танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру.

–іс-әрекеттің бағдарланушылық негізінен құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы.

–оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту [4, б. 23].

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті табысты болу үшін жүйелік принципін басшылыққа алған қазақ санасының шамшырағы А.Байтұрсынов «Қазақша оқу жайлы» еңбегінде былай деген: «Әуелі бізге елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болашақ та, билік те, халық та оқумен түзеледі» деген болатын. Ал Жүсіпбек Аймауытов «Ой жүйесі мұғалімді ойлау өнеріне үйретеді, шәкіртті ой дағдысына үйретеді, жаттықтырады.

Жоғарыда аталған ғалым ойшылдар да оқу сапасына үлкен мән бергенін көреміз. Олар оқу танымдық іс-әрекеті табыстылығына жетуде мынадай ерекшеліктерге назар аударған;

- оқушыларды оқытуда оларға қажетті есту, көру, иіс, дәм, сезіну түйсіктеріне әсер етіп дамытуды;
- білім алушылардың ойлауы мен есте сақтауын дамытуды дағдыландыруға;
- үнемі жаттығулармен жаттығуға;
- педагог-тәрбиеші балалар тапсырмаларды өздері орындауға үйретуге;
- қоршаған ортаға жақсы көңіл-күй ахуал жағдаятын тудыру қажеттігін [5, б.76].

Дидактикадағы соңғы кездегі ең көп тараған әдістердің бірі К.Бабанский ұсынған әдіс, онда үлкен үш топ әдістерге бөлінеді:

1. Оқу-танымдылық қызметін ынталандыру – дәлелдеу (мотив).
2. Оқу-танымдылық үдерістің тиімділік қызметін бақылау және өзіндік бакылау.
3. Оқу-танымдылық іс-әрекетті ұйымдастыру және іске асыру қызметі [6, б. 54].

Биология пәнінде окушының оқу-танымдылық іс-әрекетін ұйымдастырда қолданылатын әдістер:

✓ безендіру арқылы түсіндіру (иллюстративтік), (әңгіме, дәріс, түсіндіру, кітаппен жұмыс).

✓ репродуктивті (алған білімін іс жүзінде пайдалану барысында қайталау арқылы түсіндіру).

✓ материалды проблемалық мазмұндау (мұғалім бір проблеманы окушылардың алдына қойып, оны өзі шеше отырып, оқушылардың танымдық ойлау жолдарының тәсілдерін үйрету).

✓ эвристика немесе жартылай ізденушілік (оқушылар қойылған сұрақты немесе проблеманы өздері шешуге қатысады, бірақ оны толық шешуі қиынырақ болады, тек жартылай шешуге тырысады).

✓ ізденімпаздық зерттеу арқылы (шығармашылық тұрғыдан ізденіп білім игеру).

Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру көп жағдайда оқу үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын, оқу үдерісінің қарқынын арттыратын оқыту нысандары мен әдістерін пайдалануға байланысты.

Жаратылыстану мен биологияны оқытуда оқытуды ұйымдастырудың төмендегідей түрлері кең тараған: сабақ, семинар, конференция, дәріс, практикум, экскурсия, факультативтік сабақтар және әңгіме, сұхбат, кітаппен жұмыс, бақылау, эксперимент, микроскоппен жұмыс, экрандық құралдарды қарау, тәжірибелік жұмыс сияқты әдістер. Сонымен қатар, оқыту әдістері модельдеу, ой үлгілерін құру, математикалық модельдеу деген әдістермен толықтыруға болады.

Қорыта айтатын болсақ, танымдық іс-әрекетте белсенділік пен танымдылық, ізденімпаздылық диалектикалық тұрғыда өзара байланысты және оқу танымдық үрдісінде бірге деп тұжырым жасауға болады.

Танымдық іс-әрекетті тұрақты қажетсіну, ізденімпаздық және оны жоспарлап, ұйымдастыру нәтижесін көру студенттің танымдық қанағаттану сезімін тудырады. Мұндай нәтиже студентті жаңа танымдық әрекетке, белсенділік пен ізденіске, істі меңгеріп білуге, тәжірибе жинақтауға дағдыландырады.

Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекеттегі біліктіліктің сапалық деңгейі оның дербестігін анықтайды, бұл ақыл-ой дамуының жоғары деңгейіне және студенттің ой-танымдық дербестік арналарының даму ерекшеліктеріне тікелей байланыстылығын атап көрсетуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Беркімбаева Ш.К., Құсайынов А.К. және т. б. Педагогика. Қазақша түсіндірме терминологиялық сөздік. – Алматы, 2007. – 412 б.
2. Тасыбаева С.А., Тлеубаева Г.А. Абайтану оқулары. – Алматы: ҚР ҰК, 1997.
3. Тұрғынбаев Ә.Х. Философия. Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы.-Алматы: “Білім”, 2005 ж., – 304 бет.
4. Бикирова И. Шығармашылық – нәтижелі оқыту негізі Бастауыш мектеп, 2006 №1
5. Батурин Н.А. Писхология успеха и неудачи: учебное пособие. – Челябинск, ЮУрГУ, 1999.
6. Торманов Н.Т., Толеуханов С.Т., Абылайханова Н.Т., Үршеева Б.Н. Бнологиядан білім беру концепциясы және оқытудың инновациялық әдістемелері: оқу құралы /- Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 281 б

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Formation of educational and cognitive activity of students in the lessons of natural science

Б.С. Кенжебаева[1], Б.А. Байдалинова[2], Ж.А. Шамшатова[1], Т.Е. Жақыпова[1]
B.S. Kenzhebaeva[1], B.A. Baidalinova[2], Zh.A. Shamshatova[1], T.E. Zhakypova[1]

[1]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
[2]Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

Аңдатпа. Бүгінгі таңда білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты. Білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсудің тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Осыған байланысты жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары әзірленді. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары – бүгінгі күннің талабына сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Алғаш рет оқу жоспары белгілі бір білім беру материалын беруге емес, күтілетін нәтижелер жүйесіне бағытталғалып отыр.
Түйінді сөздер: гипотеза, таным, үдеріс, коммуникативтік, эксперимент, іс-әрекет, инновация.

Аннотация. Сегодня система образования вступила в период кардинальных реформ, основанных на кардинально новом мышлении. Реформы в системе образования направлены на обновление содержания образования всех уровней и переход к периоду устойчивого развития. В связи с этим разработаны обновленные учебные планы по всем предметам общего среднего образования. Обновленные учебные планы – это новые программы, отвечающие потребностям сегодняшнего поколения. Впервые учебная программа ориентирована на систему ожидаемых результатов, а не на предоставление конкретного учебного материала.
Ключевые слова: гипотеза, познание, процесс, коммуникативный, эксперимент, действие, инновация.

Abstract. Today, the education system has entered a period of radical reforms based on a radically new way of thinking. Reforms in the education system are aimed at updating the content of education at all levels and the transition to a period of sustainable development. In this regard, updated curricula have been developed in all subjects of general secondary education. The updated curricula are new programs that meet the needs of today's generation. For the first time, the curriculum focuses on a system of expected outcomes rather than providing specific learning material.
Keywords: hypothesis, cognition, process, communicative, experiment, action, innovation.

Білім алушылардың ең алғашқы биологиялық түсініктері бірінші сыныптан-ақ басталады. Ал 5-6 сыныпқа келгенде «Жаратылыстану» пәнінен табиғат туралы түсініктері мен білімдері тереңдейді. «Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерінің бірізділігіне бағытталған пропедевтикалық пән болып табылады. «Жаратылыстану» пәнін оқу арқылы білім алушылардың ғылыми деректерді оқып-үйрену, бақылау, нақты тәжірибе жасау, модельдік тәжірибе жасау, тәжірибе нәтижелерін жинақтау, қорыту дағдылары қалыптасып, теориялық білімдерді тиімді пайдалануға, ғылыми болжамдар қалыптастыруға ықпал етеді.

«Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат» жүйесі аясындағы ғылыми білімдердің қарапайым деңгейін қамтамасыз етеді. Оқу пәні қоршаған әлемнің күрделілігі мен көпқырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын; жанды және жансыз табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін; жаратылыстану-ғылыми білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын; алуан түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысын түсіндіруге бағытталған.

«Жаратылыстану» пәнінің бастауыш мектептегі мазмұны зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

1) гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперимен-талды берілулер негізінде қорытынды жасау;

2) мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспа-рын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

3) БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану ғылымындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

4) өлі және тірі табиғаттағы үрдістердің сипатын, экожүйе компоненттері-нің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған ортаға қалай ықпал ететінін ашуға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

5) өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

6) жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

5-6 сыныптың білім алушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың жаратылыстану ғылымына деген қызығушылығының артуына, осы жастағылардың мүмкіндігіне қарай зерттеулер жүргізудің қарапайым дағдыларын, әлем туралы ой-өрістерін кеңейтуге, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

5-6-сыныптарда «Жаратылыстану» курсын оқудың мақсаты білім алушылардың бойында жаратылыстану ғылымы білімін, табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы түсінігін қалыптастыру және күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстарының зардабы мен процесін сипаттау, болжау үшін қолдану біліктігін дамыту болып табылады. Пәннің мазмұнын меңгерудегі жүйелік-

әрекеттік тәсіл зерттеу дағдыларын (іздеуді, іріктеуді, жүйелеуді, ақпаратты талдауды және бағалауды, зерттеу нәтижелерін ұсынуды қалыптастыру) дамытуға мүмкіндік береді.

Сабақ уақытында білім алушылардың байқау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы, білім алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді ауызша және жазбаша сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Ол білім алушының үйде, мектепте, табиғатта бақыланған нысандар мен құбылыстарды түсінуі үшін, алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

«Жаратылыстану» пәнінің мұғалімдері білім алушының бойында білуге құмарлықты, ой-өрісін, қоршаған әлемді ғылым тұрғысынан түсінуді, табиғи және техногендік байлықты бағалау және қорғауды қалыптастыру қажет. Ол білім алушының қоршаған әлемнің түрлі нысандары мен құбылыстары туралы білім қорының жинақталуына, түрлі практикалық және зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысы түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жаратылыстану сабағында жаңартылған бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқушылардың оқу-танымдық і-әрекетін қалыптастыруда, ең алдымен әрине мұғалімнің табанды еңбегі мен терең білімін талап етіледі.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін, белсенділігін қалыптастыруды Т.И. Шамова, Н.А. Половникова, М.И. Махмутов, И.Я. Лернер, Л.П. Аристова, Е. Коротаева, Г.И. Щукина, В.И. Орлов, Р.А. Низамов және т.б көптеген ғалымдар әр қырынан қарастырған.

Өз елімізде бүгінгі таңда танымдық белсенділік, танымдық іс-әрекет, шығармашылық қызығушылық, ізденімпаздық мәселелері жеке бағыттар ретінде А.Е. Әбілқасымованың, Т. Сабировтың, А.С. Мустояпованың, Р.С. Омарованың, Б.Т. Абыкановаңың және т.б. еңбектерінде көрініс тапты, оқушылардың өздік ізденісі арқылы білім алу мәселелері А.Ғ. Қазмағамбетов, Ж.Т. Дәулетбекова, С.С. Смаилов және т.б. зерттеулерінде тереңдетіледі.

Әдетте адам бір нәрсені жақсы меңгерсе, осы сала бойынша өз танымын кеңейте түсуге деген табиғи талпынысы арта түсетіні баршамызға аян. Теория негіздерін санаға құю – бастапқы қадам. Ал базалық білім мазмұнын меңгерудің негізгі кілті – оқушылардың танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру.

Жалпы білім беру мазмұны бойынша оқушылар алған білімін өмірдегі әр түрлі жағдайларда қолдана алатындай іс-әрекет атқаруға икемделуі негізінде олардың білігі, дағдысы, әрекет жасау амалдары, т.б. дамиды.

Біздің ойымызша, танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыру мына шарттарға тәуелді:

- жоғары дәрежеде ұйымдастырылған даярлық жұмысынан басталады;

- нақты әрекеттерді орындау берілген тапсырмалардың оңтайлылығымен байланысады;

- жұмыстың нәтижелілігі интерактивті, яғни өзара белсенді әрекет пәрменділігімен айқындалады. Осыдан атқарылатын жұмыстың пәрменділігі оқушылардың зейінін әуел бастан оқу-танымдық әрекетке аудару мәселесімен шешіледі.

Жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру мәселесінің жан-жақты қырларын ескеріп, ғалымдардың айтқан пікірлеріне, өз ізденістерімізге сүйене отырып, біз оған мынадай анықтама ұсынамыз: жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру – оқушылардың жаратылыстану пәндерін игере отырып өздігінен атқаратын іс-әрекеттері арқылы жетістікке жетуді қамтамасыз ететін танымдық қызметі (зерделеу, бағдарлау, тексеру, қорытынды жасау, т.б. операцияларды орындау) негізінде ұлттық құндылықтарды бойына жинаған жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Көптеген зерттеушілердің еңбектерінде жасалған талдаулар танымдық іс-әрекетті қалыптастырудың құрамы мен оның мазмұнын анықтауда ғалымдар қажеттіліктен туындайтындығы туралы әр түрлі ой-пікірлер ұстайтынын көрсетті.

Оқыту үдерісіндегі кез келген әрекет негізінде танымдық іс-әрекет жатыр. Әрекет белгілі бір жүйелілікпен сатыланып орындалады. Интерактивті әдістер арқылы ұйымдастырылатын әрекеттің құрастыру тәсілін оқушылар өздері жасайды.

Оқушылар бойында түзілген міндетті дайындық деңгейі негізінде атқарылатын танымдық үдеріс: дербес әрекет жасау, жаңа дәйектерді табу, құбылыстарды анықтау, олардың арасында байланыс орнату, ғылыми деректер арқылы заңдылықтардың мәнін айқындау, тапсырмаларды шығармашылықпен орындау, т.б. Осындай пәрменді әрекет атқару нәтижесінде оқушылардың білім сапасы, білік дәрежесі, дағды деңгейлерінің көрсеткіштері арта түседі. Мәселені шешу, жағдаяттан шығу жолындағы өзара белсенді әрекет жасау негізінде оқушылардың жаратылыстану пәндері ауқымындағы базалық білім мазмұны қалыптасады. Жете білушілік қасиеттері қалыптасқан шәкірттер дамыған тұлға дәрежесіне жетеді.

Танымдық іс-әрекетке арналған теориялық пікірлердің, модельдердің, тұжырымдамалардың көптігіне қарамастан, ғалымдар әлі күнге дейін осы жайында ортақ бір пікірге келмеген, «танымдық іс-әрекеттің» нақты анықтамасы нақтыланбаған. Біздің пайымдауымызша, танымдық іс-әрекет – оқушылардың оқу-тәрбие процесіндегі білім мазмұнының базалық деңгейі негізінде мақсаты айқындалған мәселені шешу барысындағы танымдық операцияларды орындаудағы белсенді әрекетінің көрінісі.

Қазіргі мектептің білім берудің тұлғалық-бағдарланған стратегиясын іске асырудағы негізгі идеясы оқушыларға механикалық түрде білім беру емес, олардың табиғи қабілеттері мен әлеуметтік мүдделеріне баса назар аудара отырып, өмірлік жоспарларын жүзеге асыруларына кең мүмкіндіктер жасайтын білім кеңістігін құру екендігі анық. Сондықтан жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісінде белсенді оқыту әдістері, STEM-технология, жобалау әдістері арқылы оқушылардың қоршаған ортаға бейімделе алуына, оның белсенділігіне және әлеуметтенуіне, яғни танымдық іс-әрекеттің үйлесімді күрделі түрлерін жүзеге асыру қабілеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу керек.

«Жаратылыстану» сабақтарында жергілікті компонент деректерін тартуға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, ғылыми жобаларды әзірлеу үшін білім алушыларға күнделікті өмірде практикалық маңызы бар оқыту мақсаттарына назар аудару ұсынылады. Солардың кейбірін атап өтсек:

5.6.3.1 – Қазақстан Республикасының экологиялық проблемаларын атау;

5.6.3.2 – өз аймағының экологиялық мәселелерін зерттеу;

5.6.3.3 – Қазақстан Республикасының Қызыл кітабының маңыздылығын анықтау;

6.4.2.4 – толыққанды тамақтану рационын құру;

6.7.1.2 – жаратылыстану ғылымдарын дамытуда қазақстандық ғалымдардың үлесін талқылау;

6.7.1.3 – ғылыми зерттеулер бағыттарының болашақтағы дамуына болжам жасау.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін оңтайлы ұйымдастырған кезде олардың пәнге деген қызығушылығы да арта түсетіндігін тәжірибемізден байқадық. Инновациялық үдеріс арқылы атқарылатын интерактивті әдіс-тәсілдерді қолданғандағы білім сапасының көрсеткіші жоғарылайтыны байқалады. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жеке тұлғаның білу, түсіну, қолдану, талдау, зерделеу т.б. сияқты іс-әрекет атқарудағы икемділігін айқындайтын өзіндік психологиялық ерекшелігі болып табылады.

Қазіргі кезде еліміздегі білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және педагогикалық жаң технологияларды меңгеру. Инновациялық және интерактивтік әдістемелерді оқу процесінде

үздіксіз пайдалану сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізетіні анық. Берген білім есте қаларлықтай болуы үшін сабақты үнемі түрлендіріп, қызықты әдіс-тәсілдерді әр сабақта пайдалану қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім жане ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі №266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.// https://nao.kz

2. Қазақстан Республикасы Білім жане ғылым министрі м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған «Жаратылыстану» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы//https://nao.kz

3. Двуличанская Н.Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций. //Наука и образование. 2011.

4. Желдыбаева Б.С. Жаратылыстану пәндерін оқытуда қазақ этнопедаго-гикасы элементтерін қолдану // Оқу-әдістемелік құрал. Семей: Шәкәрім атындағы СМУ баспаханасы, 2009. 150 б.

5. STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана, 2017.

6. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. Астана, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана, 2020.

7. http://nsportal.ru/vuz/pedagogicheskie-nauki/library/2013/01/22/keys-tekhnologiikak-odin-iz-innovatsionnykh-metodov

8. https://infourok.ru/master-klass-tehnologiya-klaster-803045.html

ФОРМИРОВАНИЕ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКЕ БИОЛОГИИ В СРЕДНЕЙ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Development of natural science literacy in a biology lesson at general secondary school

Н.П. Корогод, А.К. Сырымова
N. Korogod, A. Syrymova

Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан
e-mail: natalyakorogod@mail.ru, assel_syrymova@mail.ru

Аннотация. Адамның әлеуметтік ортада қалыптасуы көбіне оның біліміне, алған білімін күнделікті өмірге кіріктіруіне, сонымен қатар өмір бойы білім алу қаблетіне байланысты. Осының барлығы жалпы білім беретін мектептегі сыныпта негізгі іргетасын қалайтын функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың нәтижесі.
Түйінді сөздер: құзыреттілік, ғылыми – жаратылыстану сауаттылығы, функционалдық сауаттылық, интерпретациялау, потенциал.

Аннотация. Становление личности в социальной среде во многом зависит от его образованности, умения оперировать и интегрировать полученные знания в повседневную жизнь, а также умению обучаться в течение всей жизни. Все это является результатом формирования функциональной грамотности, которая закладывает основной фундамент именно на уроках средней общеобразовательной школе.
Ключевые слова: компетенции, естественнонаучная грамотность, функциональная грамотность, интерпретировать, потенциал.

Abstract. Development of a personality in a social environment largely depends on their education, ability to operate and integrate the acquired knowledge into everyday life, as well as their ability to learn throughout life. All this is the result of functional literacy development, which lays the main foundation particularly in the lessons at general secondary school.
Keywords: competencies, natural science literacy, functional literacy, interpret potential.

В 21 веке главными качествами личности можно назвать: умение мыслить творчески и изобретать нестандартные решения, умение выбрать свой профессиональный путь и учиться в течение своей жизни. Все перечисленные умения и навыки формируются в условиях средней общеобразовательной школы, а именно на занятиях, в том числе и на уроках биологии.

В связи с этим каждый этап занятия необходимо тщательно разрабатывать, включать задания не только теоретической, но практической направленности, которые будут способствовать развитию не только знания учебного материала и его понимания, но и навыкам применения, анализа и синтеза. Именно в этой деятельности учитель оказывает помощь ученику:

- осознать предъявляемые требования образовательных задач;
- усвоить отдельные мыслительные операции и их принципы работы;
- создавать и продумывать стратегии решения поставленных задач;
- подбирать стратегии, подходящие для решения задач.

Для выполнения вышеуказанных пунктов, ученикам необходимо научиться обучению. Учителя в свою очередь должны сосредоточиться не на улучшении собственного преподавания, а на развитие у детей умения обучаться. Имея данную цель учителю нужно создавать образовательную среду, благодаря чему ученики в учебном деятельности будут активнее, и прекратят пассивно усваивать информацию [2,с.138].

То есть суть заключается в том, что учитель транслирует информацию, но знание, понимание и остальные навыки высокого порядка у ученика формируются самостоятельно, а учитель должен контролировать и оказывать помощь в этом процессе.

Школа на данный момент отвечает на требования современного и информационного века, а значит прививает учащимся умения использовать полученные знания, в том числе и биологические в повседневной жизни. Это может гарантировать выпускнику активнее и успешнее вступить во взрослую жизнь и стать полноценным членом общества.

Государственный стандарт образования определил потенциал содержания естественнонаучного обучения благодаря анализу содержания, имеющие ценность для создания общей культуры, хорошего отношения к окружающей среде, заботу о собственном здоровье и здоровья окружающего населения, а также окружающей среды, которая составляет экологическую, гигиеническую и генетическую грамотность основ воспитания.

В стандарт содержания школы входят сведения о современном естественнонаучном мире, роль современных теорий, идеи в формировании научного мировоззрения. Основными способами реализации положении стандарта являются деятельностный и практико-ориентированный подходы, формирование и развитие функциональной грамотности учащихся [1,с.5].

Однако на сегодняшний день, очень мало методических рекомендации и методического пособия, направленного на развитие функциональной грамотности в курсе изучения школьных базовых предметов, в том числе и по предмету биология. Одним из видов функциональной грамотности, только на уроках биология (физика, химия, естествознание, география) является естественнонаучная грамотность.

Естественнонаучное обучение рассматривается как фундамент бережного отношения к окружающей среде и основой научного мировоззрения. Изучение предметов естествен-

нонаучной направленности способствует формированию у школьников компетенции, которые требуются и для продолжения образования, и для выбора собственного профессионального пути, а также определения собственной мировоззренческой позиции. В перспективе социальной среды, ее технологического оснащения людям всё чаще приходиться использовать исследовательское поведение, которое является источником проявления творческого потенциала, раскрытия и развития его возможностей. Решение таких задач, приведет к необходимости познания мира и сделает исследование основой образа и стиля жизни [3, с.161 – 168].

Сегодня естественнонаучная грамотность оценивается в тестированиях МОДО, ЕНТ, в заданиях TIMSS, PISA и т.д. Проанализировав данные этих заданий можно сказать, что задания составляются, опираясь на три компетенции естественнонаучной грамотности:

- распознавать и объяснять наблюдаемые и описанные (вербально смоделированные) явления и их последствия с научной точки зрения;
- применять методы и приемы естественнонаучного исследования (в том числе виртуального и мысленного эксперимента);
- интерпретировать данные и наблюдения, оценивать доказательства и соответствующие выводы с позиций современного естественнонаучного знания.

Отсюда следует, что первой компетенции необходимо установить факты, определить процессы. Во второй компетенции – необходимо объяснить и описать процессы и явления, а в третьей компетенции сделать выводы на основе представленных фактов.

К сожалению, учащиеся средних школ не лучшим образом справляются с заданиями естественнонаучной грамотности, трудности вызывают задания практического содержания, задания в которых данные представлены нестандартно и задания требующие анализа и интерпретации.

По данным PISA 2018 казахстанские ученики 9 класса, показали наихудший результат, заняв 59 место среди 69 стран.



Рисунок 1 – https://iac.kz/ru?page_id=2301

Исследование выявило, что 2018 году именно естествознание за все годы тестирования показало низкий, по сравнению с 2008 годом, результат.

Опираясь уже на эти данные, можно сказать, что содержание деятельности на занятиях и компетенции самого учителя необходимо пересмотреть и изменить.

Именно ежедневная работа учителя, то какие методы, формы и технологии он выбирает чтобы реализовать поставленные цели на уроке, могут дать результат, научить детей использовать полученные знания не только для того чтобы решить задания на уроке, но и для решения тех или иных ситуаций в повседневной жизни.

Каждый этап урока должен быть информативным, должен влиять на мозговую деятельность учеников. Они в свою очередь должны активно принимать участие на всех этапах учебного процесса: Формулировать свои гипотезы и составлять вопросы, уметь обосновать свой ответ и объяснить его одноклассникам.

Сформировать эти умения можно решая определенные задания, на уроке начиная с простых заданий в дальнейшем с их усложнением.

Во время занятий я использую задания, которые разрабатываю на индивидуальных листах. Индивидуальный лист работы отражает раздел, тему урока и содержит 6 уровней заданий, которые направлены на формирование определенных навыков мышления, такие как знание, понимание, применение, анализ, синтез, оценивание.

Ниже представлен разработанный индивидуальный лист для учащихся 9 классов по теме «Функции основных компонентов. Клеточные структуры», задания, которого направлены на развитие функциональной грамотности.

Индивидуальный лист

9 класс	**Раздел: Клеточная биология**	**Тема: Функции основных компонентов клетки. Клеточные структуры.**
Навыки		
Запоминание	**Задание №1**: Рассмотри рисунок и обозначь органоиды клетки.  Рисунок 2	
Понимание	**Задание №2:** Определите правильно ли данное высказывание (да – нет). • Эндоплазматическая сеть – это часть тело Гольджи – • Настоящая вакуоль имеется только в растительной клетке – • Митохондрии выполняют пищеварительную функцию – • Шероховатая эндоплазматическая сеть покрыта рибосомами – • В ядре клетки содержится кариоплазма – • У животной клетки имеется клеточная стенка –	
Применение	**Задание №3:** Составьте ребус по теме « Клетка», используя ключевыми словами главные ее органоиды.	
Анализ	**Задание №4:** Постройте схему классификации с перечислением органоидов клетки на основе знаний о количестве мембран у органоидов	
Синтез	**Задание №5:** Используя содержание текста «Прокариотические и эукариотические клетки», укажите три процесса, которые происходят как в прокариотических, так и в эукариотических клетках. С появление электронного микроскопа сформировались фундаментальные различия, определяющие прокариотическую и эукариотическую клетку. Имеются предположения, что прокариотическая клетка появилась раньше, чем эукариотическая. Бактериальной клетке присущи все жизненные функции, но они не имеют окруженных мембраной органелл, имеющиеся в эукариотической клетке, а именно митохондрий, ЭПС, пластид, лизосом и комплекса Гольджи. Также их генетический материал не окружен ядерной оболочкой. Именно этот	

	фактор является решающим при делении клеток на два типа. Прокариотическая ДНК представлена одной свернутой кольцевой молекулой. Рибосомы в прокариотических клетках имеются, но они здесь мельче, чем в цитоплазме эукариотических клеток. У прокариотических клеток имеются клеточные стенки, несколько иного химического состава, чем у эукариотических клеток. Вакуолей с клеточным соком у прокариотических клеток нет, нет и пищеварительных или сократительных вакуолей, которые присутствуют в эукариотических клетках животных. [4,с.2]
Оценивание	**Задание №6:** Сенная палочка (Bacillus subtilis) является ли живым организмом? Обоснуйте свой ответ.

Используя такие индивидуальные листы с разработанной системой заданий, можно проследить формирование определенных навыков мышления и развитие функциональной грамотности у учеников.

Список литературы:

1. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам естественно-научного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – с.5.
2. Руководство для учителя. Третий (базовый) уровень. Третье издание. www. cpm. kz, с.138.
3. Фещенко, Т. С. Естественнонаучное образование школьников : от теории к практике / Т. С. Фещенко, О. В. Рогова, О. С. Завьялова // Международный научно-исследовательский журнал. – 2020. – № 9 (Ч. 2). – С. 161-168.
4. https://peskiadmin.ru/primernye-zadaniya-na-razvitie-funkcionalnoi-gramotnosti-testovoe-zadanie.html – с.2.

ИЗУЧЕНИЕ МЕХАНИЗМА ДЕЙСТВИЯ СУПРЕССОРНОГО БЕЛКА P19 КАК ЗАЩИТНОЙ СТРАТЕГИИ ВИРУСА КУСТИСТОЙ КАРЛИКОВОСТИ ТОМАТОВ

Study of the mechanism of action of the suppressor protein P19 as a protective strategy of the tomato bushy stunt virus

А.К. Кулжигит, Н.Н. Иксат, Ж.К. Масалимов, А.Б. Курманбаева, [Р.Т.Омаров]
A.K. Kulzhigit, N.N. Iksat, Zh.K. Masalimov, A.B. Kurmanbaeva, [R.T.Omarov]

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
e-mail: akulzhigitova@mail.ru

Аннотация. Қазіргі таңдағы әлем экономикасының маңызды мәселелерінің бірі ауыл шаруашылық өнімдерді өндірудегі өсімдік патогендерінің тигізетін әсері болып табылады. Осыған байланысты вирустармен күресудің тиімді стратегияларын дайындау маңызды рөл атқарады. Tomato bushy stunt (TBSV) вирусының өсімдіктерге әсерінен жыл сайын қызанақтың 80%-ы шығынға ұшырап отыр. Зерттеу барысында вирустық қоздырғышқа қарсы иммунитетті орнатуда сайленсинг супрессорының функционалды қасиеттерін пайдалану зерттеу жұмысының негізгі идеясы болып табылады. TBSV кодтайтын P19 супрессор-ақуызы РНҚ-интерференция жүйесін тежеп, ауыру белгілерінің көрініс беруінде маңызды рөл атқарады. TBSV-нің жабайы түрі және RMJ мутантымен жұқтырылған *N.benthamiana* өсімдіктерінде вируспен зақымдалғаннан жапырақтарындағы морфологиялық өзгерістері мен жүйелік инфекция сипаты, вирустың жапырақтардағы локализациясы зерттелді.

Түйінді сөзер: *Tomato bushy stunt* (TBSV), вирус, *N.benthamiana,* РНҚ-интерференция, Р19 супрессор-ақуызы.

Аннотация. Одной из важнейших проблем мировой экономики на сегодняшний день является воздействие патогенов растений на производство сельскохозяйственной продукции. В связи с этим важную роль играет подготовка эффективных стратегий борьбы с вирусами. Из-за воздействия на растения вируса Tomato bushy stunt (TBSV) ежегодно 80% томатов несут убытки. В ходе исследования основной идеей исследовательской работы является использование функциональных свойств супрессора сайленсинга при установлении иммунитета к вирусному возбудителю. Белок-супрессор Р19, кодирующий TBSV, ингибирует РНК-интерференционную систему и играет важную роль в проявлении болевых симптомов. Дикий тип TBSV и зараженный мутантом RMJ изучены морфологические изменения и характер системной инфекции у пораженных вирусом листьев растений N.benthamiana, локализация вируса на листьях.
Ключевые слова: Tomato bushy stunt (TBSV), вирус, N.benthamiana, РНК-интерференция, супрессор-белок Р19.

Annotation. One of the most important problems of the world economy today is the impact of plant pathogens on agricultural production. In this regard, the preparation of effective strategies for combating viruses plays an important role. Due to the impact on plants of the Tomato bushy stunt virus (TBSV), 80% of tomatoes suffer losses annually. In the course of the study, the main idea of the research work is to use the functional properties of the silencing suppressor in establishing immunity to a viral pathogen. The suppressor protein P19 encoding TBS inhibits the RNA interference system and plays an important role in the manifestation of pain symptoms. Wild type TBSV and infected with mutant RMJ N.morphological changes and the nature of systemic infection in benthamiana plant leaves affected by the virus, localization of the virus on the leaves were studied.
Keywords: Tomato bushy stunt (TBSV), virus, N.benthamiana, RNA interference, suppressor protein P19.

РНК интерференция – процесс регуляции экспрессии генов двухцепочечными короткими рибонуклеиновыми кислотами. Post transcriptional gene silencing (PTGS) впервые описан в системе растений, служит естественной защитой от обнаружения вирусов и их последующей деградации у растений высокой стадии [1]. Начальная стадия РНКи-генерация двухцепочечной РНК, уничтожающая целевую м-РНК [2]. На следующей стадии Dicer (рибонуклеазы III группы) превращает длинноцепочечные молекулы РНК в короткие 21-30 нуклеотидные цепи [3,4]. Эти короткие интерференционные РНК связываются с комплексом RNA induced silencing complex (RISC), состоящим из белков AGO2, и выполняют функцию собственного сканера, идентифицируют и подвергают гидролизу комплементарную мРНК [5].

В ходе эволюции растений против защитного механизма PTGS в вирусах появились супрессоры. Наиболее изученный с точки зрения биохимии супрессор Р19 кодируется TBSV (Tomato bushy stunt virus) и родственными ему вирусами [6].

Вирионы TBSV (Tomato bushy stunt virus) – это вирионы,состоящие из 4800 нуклеотидов, состоящих из 180 субъединиц белка (41 кДа), в которых позитивная РНК вируса покрыта капсидным белком.

В настоящее время вирусный геном состоит из 4776 нуклеотитов, которые являются полностью секвенированными и одноцепочечными геномными РНК. По геномной организации РНК состоит из двух зон и пяти функциональных открытых рамок считывания (ORF), которые не транслируются на 5'-3' – концах.

Р33 и Р92 транслируются непосредственно из геномной РНК, белок Р41 транслируется из субгеномной мРНК1, Р19 и Р22-из субгеномной мРНК2. Р33 и Р92 являются мембранными белками, участвующими в транскрипции и репликации, Р92 является каталитической частью синтеза РНК . Р41 представляет собой капсидный белок, который

не только перемещается из клетки в клетку, но и распределяется последовательно. В этой связи, супрессорный белок P19, который исследуется в нашей работе, относится к симптомам заболевания N.Известно, что растение Benthamiana имеет большое значение в поддержании вирусной способности, несмотря на меньшую роль возбудителя инфекции



Рисунок 1 – Схематическая диаграмма генома TBSV (Tomato bushy stunt virus) [6].

$$К_{карб} = \frac{C_э(HCl) * \bar{V}(HCl) * 1000}{V(H_2O)}$$

$C_э(HCl) -$ HCl ерітіндісі эквивалентіні мольдік концентрациясы, $\frac{моль}{л}$;

$V(H_2O)-$ зерттелетін су сынамасыны клемі, мл
$\bar{V}(HCl)-$ зерттетелетін су сынамсасын титрлеуге жмсалан HCl ерітіндісіні орташа клемі, мл [2].

Дистильденген судың, Қостанай қаласындағы су құбырларындағы ағын судың және қайнаған су үлгілерінің карбонатты кермектігін анықтау

Дистильденген суды титрлеу нәтижелерін есептеу. Дистильденген суды титрлеу барысында анализ үш рет жүргізілді. Тұз қышқылының жұмсалған мөлшері орташа есеппен – 0,15 мл.

$$К_{карб} = \frac{C_э(HCl) * \bar{V}(HCl) * 1000}{V(H_2O)} = \frac{0.1 * 0.15 * 1000}{100} = 0.15 \text{ ммоль/л}$$

Қостанай қ., Қайырбеков к-сі, 405/1 үй мекен-жайынан алынған су сынамасын титрлеу нәтижелерін есептеу. Сынаманы титрлеу барысында анализ үш рет жүргізілді. Тұз қышқылының жұмсалған мөлшері орташа есеппен – 2,81 мл.

$$К_{карб} = \frac{0.1 * 2.81 * 1000}{100} = 2.81 \text{ ммоль/л}$$

Қостанай қ., Рудненский к-сі, 28/7 үй мекен-жайынан алынған су сынамасын титрлеу нәтижелерін есептеу. Сынаманы титрлеу барысында анализ үш рет жүргізілді. Тұз қышқылының жұмсалған мөлшері орташа есеппен – 2,79 мл.

$$К_{карб} = \frac{0.1 * 2.79 * 1000}{100} = 2.79 \text{ ммоль/л}$$

Қостанай қ., Тәуелсіздік к-сі, 118 мекен-жайынан алынған су сынамасын титрлеу нәтижелерін есептеу. Сынаманы титрлеу барысында анализ үш рет жүргізілді. Тұз қышқылының жұмсалған мөлшері орташа есеппен – 2,82 мл.

$$К_{карб} = \frac{0.1 * 2.82 * 1000}{100} = 2.82 \text{ ммоль/л}$$

Қостанай қ., Тәуелсіздік к-сі, 118 мекен-жайынан алынған қайнаған су сынамасын титрлеу нәтижелерін есептеу. Сынаманы титрлеу барысында анализ үш рет жүргізілді. Тұз қышқылының жұмсалған мөлшері орташа есеппен – 1,37 мл.

$$К_{карб} = \frac{0.1 * 1.37 * 1000}{100} = 1.37 \text{ ммоль/л}$$

Кестеден көрініп тұрғандай дистильденген су құрамында Ca^{2+} және Mg^{2+} иондарының концентрациясы 0,15 ммоль/л мәнін көрсетті. Негізінде, дистильденген су құрамында бұл иондар болмау керек, бірақ, біздің экспериментте аз болса да, иондардың болуы анықталды. Оны суды дистильдеуші құралдың (дистиллятор) жұмыс істеу сапасымен түсіндіруге болады.

Кесте 1 – Зерттелген су үлгілерінің карбонатты кермектігін анықтау нәтижелері

№	Су үлгісі	Титранттың (HCl) жұмсалған орташа көлемі, V, мл	Карбонатты кермектігі, $К_к$, ммоль/л
1	Дистильденген су	0,15	0,15
2	Қостанай қ., Қайырбеков к-сі, 405/1 үй	2,81	2,81
3	Қостанай қ., Рудненский к-сі, 28/7 үй	2,79	2,79
4	Қостанай қ., Тәуелсіздік к-сі, 118	2,82	2,82
5	Қостанай қ., Тәуелсіздік к-сі, 118 (қайнаған су)	1,37	1,37

Қостанай қаласының су құбырынан келетін су үлгілеріндегі кермекті тұздардың концентрациясы 2,79-2,82 ммоль/л шамасында. Салыстыру үшін Тәуелсіздік к-сі, 118 ғимаратының су құбырынан келетін су үлгісін қайнатып, титрлеген жағдайда сынаманың уақытша кермектік мәні 1,37 ммоль/л болды. Қайнату кезінде кермекті тұздар тұнбаға түсетіндіктен қанаған судың кермектігі құбыр суының кермектігінен 2 есе аз.

Суды жұмсарту жолдары

Су құрамындағы кермекті тұздардың концентрациясын төмендету процесі суды жұмсарту деп аталады. Кермекті тұздарды су құрамынан жою өнеркәсіптің әртүрлі салаларындағы технологиялық процестерді оңтайландыратын қажетті іс-шаралар кешені болып табылады. Суды жұмсартудың бірнеше тәсілі бар: химиялық, физикалық және физика-химиялық [1,3].

Химиялық әдіс. Бұл әдістердің ерекшелігі химиялық реакцияларды қолдану болып табылады, нәтижесінде суда ерімейтін кальций мен магний қосылыстары түзіледі (*Сөндірілген әк, натрий гидроксиді, натрий карбонаты, натрий фосфаты әсерлері арқылы кермекті суды жұмсарту*).

Сөндірілген әк. Бұл әдіс кермекті тұздарды сөндірілген әкпен ($Ca(OH)_2$) әрекеттестіруге негізделген.

$$2Mg(HCO_3)_2+3Ca(OH)_2= 3CaCO_3\downarrow+[Mg(OH)]_2CO_3\downarrow+ 4H_2O$$
$$Ca(HCO_3)_2+Ca(OH)_2= 2CaCO_3\downarrow+ 2H_2O$$

*Нарий гидроксиді.*Бұл әдіс натрий гидроксидінің(NaOH) магний тұздарымен және кальций гидрокарбонатымен әрекеттесу реакциясына негізделген.

$$Ca(HCO_3)_2+ 2NaOH =CaCO_3\downarrow+ Na_2CO_3+ 2H_2O$$
$$MgCl_2+2NaOH =Mg(OH)_2+2NaCl$$

*Нартий карбонаты.*Бұл әдіс нәтижесінде карбонатты емес тұздар жойылады:

$$CaCl_2+ Na_2CO_3= 2NaCl+ CaCO_3\downarrow$$
$$2MgCl_2+ 2Na_2CO_3+ H_2O = 4NaCl + (MgOH)_2CO_3\downarrow+ CO_2\uparrow$$

Натрий фосфаты. Бұл әдіс нәтижесінде де карбонатты емес тұздар жойылады:

$$3CaCl_2+ 2Na_3PO_4= Ca_3(PO_4)_2\downarrow+ 6NaCl$$

Физикалық әдіс. Бұл әдістің мәні судың құрамындағы тұздарды, соның ішінде, кермекті тұздарды жою үшін физикалық процестерді қолдану болып табылады. Ондай әдістерге айдаудың бірнеше түрі жатады. Мысалы, суды дистильдеу. Бұл жағдайды судың кермектігі толығымен жойылады: су толық тұзсызданады. Дистильдеу әдісінің кемшілігі – оның қымбаттылығы болып табылады.

Физика-химиялық әдіс. Бұл әдістің ерекшелігі – нәтижесінде су құрамынан кермекті тұздар жойылатын химиялық реакция негізіндегі физикалық құбылыс болып табылады. Мысалы, суды термиялық жұмсарту. Суды қайнату нәтижесінде оның құрамындағы гидрокарбонаттар ыдырайды (уақытша кермекті тұздар ғана жойылады) [3]:

$$Ca(HCO_3)_2 \xrightarrow{t^0} CaCO_3\downarrow + H_2O + CO_2\uparrow$$

$$2Mg(HCO_3)_2 \xrightarrow{t^0} [Mg(OH)]_2CO_3\downarrow + 3CO_2\uparrow + H_2O \quad [4]$$

Нәтижелерден көріп тұрғандай, кермекті суды жұмсартудың ең тиімді жолдары дистильдеу және қайнату болып табылады.

Сандық анализ – аналитикалық химияның бір тарауы болып табылады және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын (ауа, су, топырақ құрамын) бақылауға үлкен үлес қосады.

Зертханалық жұмысты орындау барысында студенттердің химия кабинетінде қауіпсіздік техника ережелерін сақтау, лабораторияда жұмыс істеу дағдыларын, туған жеріне деген патриоттық сезімін, білімділігін арттыру сияқты міндеттер жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнындағы «Сандық анализ» және «Химиялық экология» курстарының пәнаралық байланысы арқылы студенттердің болашақ маман ретіндегі құзіреттілігі нығая түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Белопухов с. Л., Сюняев Н. К., Тютюнькова М. В. Химия окружающей среды : учеб. пособие для подготовки бакалавров /; росс. гос. аграрный ун-т – мсха им. к. а. тимирязева. – москва : проспект, 2017. – 239 с.

2. Васильев В. П. Аналитическая химия. Кн. 1: Титриметрические и гравиметрические методы анализа. – М.: Дрофа, 2005.

3. Агейкина О.В., Голянская С.А., Определение и устранение жесткости воды – г.Тюмень, ТИУ. 2019

4. Алексеев Л. С., Гладков В. А. Улучшение качества мягких вод /. – М. : Стройиздат, 1994. – 148

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Formation and development of functional literacy of students in science lessons

Н.А. Хасенова
N.A. Khassenova

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Нур-Султан, Казахстан
e-mail: hasenovanursaule@mail.ru

Аннотация. Мақалада оқушылардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастыру және дамытудың білім үдерісіндегі өзектілігі қарастырылды. Мақсаты мұғалімдерге әдістемелік көмек

ретінде ғылыми-жаратылыстану құзыреттіліктерін дамыту тапсырмаларының үлгілері мен әдістемелік нұсқаулар беру.
Түйін сөздер: жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы, құзыреттілік, жаратылыстану, жаңартылған оқу бағдарламасы, қалыптастыру, дамыту, оқу мақсаттары, интерпретациялау.

Аннотация. Актуальность данной статьи заключается в формировании и развитии функциональной грамотности учащихся на уроках естествознания. Цель статьи предложить учителям примеры заданий и дать методические рекомендации по развитию естественно-научные компетенции учащихся.
Ключевые слова: естественнонаучная грамотность, компетенция, естествознание, обновленная учебная программа, формирование, развитие, цели обучения, интерпретация.

Abstract. The relevance of this article lies in the formation and development of functional literacy of students in science lessons. The goal is to offer teachers examples of tasks and give methodological recommendations for the development of natural science competence of students
Keywords: scientific literacy, competence, science, updated curriculum, formation, development, learning objectives, interpretation literacy, competence, renewed subject programme, formation, development, learning objectives, interpretation.

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде оқушылардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастыру және құзыреттіліктерді дамыту өзекті мәселе болып отыр. Себебі соңғы уақыттарда оқушылардың фактілер мен формулаларды жаттауларына баса назар аударылып, білім беруде қолданбалы тапсырмаларды орындау барысында қолдана алу деңгейі біршама төмендеген.

Ақпараттық-талдау орталығының мәліметінше, PISA-2018 зерттеуінің нәтижелері бойынша, қазақстандық мектеп оқушылары пәндік білімдерін жарату немесе өздеріне таныс оқу жағдаяттарында қолдана алу деңгейін меңгерген. Оқушылардың алған білімдерін күнделікті тіршілікте кездесетін жағдаяттарда қолдан алу дағдылары бойынша айтарлықтай қиындықтар туындағаны белгілі болды. Зерттеулер оқушылардың қорытынды жасау, түрлі мәселелерді шешу жолдарын ұсыну, ғылыми деректерді сауатты түсіндіру және бағалау, ұсынылған тұжырымдардың дұрыстығын бағалау, пәнаралық байланыс және математикалық дағдылары өз деңгейінде қалыптаспағанын көрсеткен.

Осыған орай түсінікті болғаны, XXI ғасырда «сауаттылық» ұғымының мазмұны тереңдетілген. Бұрын дәстүрлі түрде «сауатты адам», ол оқып- жаза алатын, арифметикалық есептеулерді шығаратын адам болып саналатын болса, ал қазіргі сандық технология ғасырында «функционалды сауаттылық» терминіне ерекше назар аударылып отыр. Бұл термин салыстырмалы түрде өте жас: ол өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды.

Функционалды сауаттылық – академиялық білімді кез келген өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілеті.

PISA зерттеуінде функционалды сауаттылықтың мазмұндық аймағының негізгі компоненттері ретінде математикалық, оқу және жаратылыстану-ғылыми-сауаттылық көрсетілген. Халықаралық сарапшылар қарқынмен дамып келе жатқан технологиялық қоғамда жаратылыстану ғылымдары мен жаңа технологиялардың мектеп түлектері үшін маңызды екені анықталып отыр [3].



1-сурет. Функционалды сауаттылықтың компоненттері

Оқушының бойына функционалды сауаттылықты қалыптастыру – қазіргі уақытта мектептің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Жалпы функционалды сауаттылықтың негізгі компоненттері төменде 1-суретте көрсетілген.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық – оқушылардың жаратылыстану-бағытындағы пәндер бойынша меңгерген білімдерін қолдана білу, мәселелерді анықтау және тиісті шешім қабылдау үшін тұжырымдау және қорытынды жасай білу қабілеттерінің деңгейін қарастырады.

PISA критерийлері бойынша, ғылыми тұрғыдан сауатты оқушы жаратылыстану ғылымдары мен технологияларына қатысты мәселелерді дәлелді талқылай алады, өзінің теориялық білімін берілген мәнмәтінге қолдана біледі және тиісті шешім қабылдау үшін негізделген қорытындыларды тұжырымдай алады және оқушыдан келесі *құзыреттілік-терді* дамыту талап етіледі [3]:



2-сурет. Құзыреттіліктер

Жаратылыстану – ғылыми сауаттылықты сипаттайтын құзыреттіліктерге нақты дағдылар жиынтығы жатады және онда тапсырма сұрағы бақылауға бағытталуы керек.

Құзыреттіліктер оқушылардың ғылыми дағдыларын көрсете алатындарын болжайды. Құзыреттіліктер күрделі 6 деңгеймен өлшенеді, олардың әрқайсысы белгілі бір дағдыларға сәйкес келеді [3].

5-6 сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны оқушылардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастыруға және дамытуға бағытталған [1].

Бағдарлама мазмұнында ұсынылған оқу мақсаттары оқушылардың негізгі ғылыми құзыреттіліктері мен дағдыларын, жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы ғылыми түсініктерін қалыптастыруға және алған білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстар мен үдерістерін түсіндіруге, туындаған мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру» құзыреттілігі жаратылыстану сабақтарында қалыптасатын нақты дағдылар жиынтығын қамтиды:

- *Құбылысты түсіндіру үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми білімін қолдану.*
- *Түсіндірме модельдері мен түсініктерді танып-білу, қолдану және құрастыру.*
- *Үдерістің немесе құбылыстардың жүруін болжау және ғылыми тұрғыда негіздеу.*
- *Техникалық құрылғылар немесе технологиялардың жұмыс жасау қағидатын түсіндіру.*

«Құбылыстарды **ғылыми тұрғыдан** түсіндіру» құзыреттілігін жүзеге асыру үшін оқушыларға қажетті жаратылыстану- ғылыми білімді қолдана алуды үйрету керек. Ол үшін 5-6 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеріп, практика арқылы оқытудың алгоритмі ұсынылады. Мысалы, 5 сыныпта оқушылар жаңбырдың жаууы және найзағайдың жарқылдауы сиякты табиғи құбылыстарды бақылап, өзгерістерді сипаттайды және олардың болу себеп – салдарын анықтайды.

Оқушыларды «Түсіндірме модельдері мен түсініктерді танып-білу, қолдану және құрастыруға» үйрету үшін, мысалы, 6 сыныпта «Тұрмыстық химия өнімдерін қолдану саласын, және оларды қауіпсіз қолдану ережелерін түсіндіру» кезінде оқушыларға тұрмыстық химиялық өнімдерді күнделікті тіршілікте пайдалану және оларды қолдану барысындағы қауіптілігімен және сақталу ерекшеліктерін анықтау алгоритмі ұсынылады.



3-сурет. Мимозаға қарындаштың жанасуы



4-сурет. Көз қарашығының жарыққа реакциясы

Сонымен бірге оқушыларға «Үдерістер немесе құбылыстардың жүруін болжау және ғылыми тұрғыда негіздеуді» үйретуде, оларға ситуациялық жағдаяттарды талқылау және шешім қабылдау ұсынылады. Мысалы, 6-сыныпта «6.4.2.9 тірі ағзалардағы тітіркендіргіштерге жауап беру реакциясын зерттеу» оқу мақсатын қарастыратын болсақ, онда

оқушыларға ұялшақ мимозаға қарындашты жанастыру кезіндегі және жарық мол түскендегі көз қарашығындағы реакциялар туралы ойлануға мүмкіндік беріледі.

Үдерістерді болжау алгоритімін қолдана отырып, оқушылар түрлі болжамдар жасайды, эксперименттерді бақылай отырып, нәтижелерді талдап, қорытындылайды.

«Техникалық құрылғылар немесе технологиялардың жұмыс жасау қағидатын түсіндіруді» үйретуге бағытталған алгоритмдер оқушылардың түсініктемелерін дұрыс құрастыруға ықпал етеді. Мысалы, 6-сыныпта оқушылар «Атмосфералық қысымды тиісті құрылғымен өлшеп, қорытынды жасай алуы керек. Ол үшін оқушыларға құрылғының моделін құрастырып, атауын атап, жұмыс жасау қағидатын іс-жүзінде тексеру ұсынылады. Одан кейін оқушылар күнделікті өмірде қолдану саласын анықтайды.

«Жаратылыстану зерттеулерінің ерекшеліктерін түсіндіру» құзыреттілігін дамыту үшін оқушыларға зерттеулерді жоспарлау бойынша сұрақтар кестесін пайдалану ұсынылады, ал оқушылар қарапайым сұрақтарға жауап береді, тақырыпты, болжамды, зерттеу мақсаттарын тұжырымдайды және оның кезеңдерін жоспарлайды.

Оқушыларға ғылыми зерттеу тәсілін ұсыну немесе бағалау үшін мысалы, 6-сыныпта «Тыныс алғанда және тыныс шығарғандағы ауа құрамындағы айырмашылықты зерттеу барысында оқушылар миға шабуыл әдісі арқылы ауа құрамын зерттеу әдістері туралы идеялар ұсынады. Мұғалім ауа құрамындағы оттек, көмірқышқыл газы және су буының болуының анықтаудың бірнеше әдіс-тәсілдері туралы ақпарат береді, одан соң оқушылар сыныпта қолданудың тиімді жолын немесе балама әдісін таңдап, талқылайды.



5- сурет. Атмосфералық қысымды өлшеу құрылғысы

Оқушылардың танып білу және зерттеу мақсатын тұжырымдау дағдыларын дамыту үшін оларға қарапайым қадамдарды орындау ұсынылады. Мысалы, өсімдіктерде әртүрлі пигменттердің болуын зерттей отырып, олар күзгі орман туралы бейнежазбаны көріп, ағаштардағы жапырақтардың түрлі-түсті екенін анықтайды. Содан кейін оқушылармен табиғи палитраның мұндай алуан түрлілігінің себептері – өсімдіктерде әртүрлі пигменттердің болуы талқыланады. Бұл іс-әрекет оқушыларды зерттеу мақсатын анықтай алуға жетелейді.



6-сурет. Өсімдік пигменттерін анықтау

Жоғарыда аталған құзыреттіліктердің әрқайсысы өздеріне тән дағдылардың төрт түрін бағалайды. Мысалы, «Құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру» құзыреттілігінің құбылысты түсіндіруде ғылыми-жаратылыстану білімін қолдану дағдысы бойынша тапсырмалардағы дағдыны бағалау үшін қалыпты жағдаятты сипаттау жеткілікті, ал оны түсіндіруге бағдарламадағы оқу материалдарын тікелей қолдануға болады. «Ғылыми-жаратылыстану зерттеулерінің негізгі ерекшеліктерін түсіну» құзыреттілігі бойынша зерттеу дағдыларының төрт түрі бағаланады:

- зерттеу жұмысының мақсатын айқындау және тұжырымдау;
- ғылыми зерттеу тәсілін ұсыну немесе бағалау;
- түсіндірме болжамдар жасау және оларды тексеру тәсілдерін ұсыну;
- ғалымдар деректердің сенімділігі мен түсіндірмелерінің анықтығын қамтамасыз ету үшін пайдаланатын тәсілдерді сипаттау және бағалау.

Зерттеу жұмысының мақсатын айқындау және тұжырымдау дағдысын қарастыратын болсақ, зерттеудің мақсаты мен міндеттері оқушының зерттеу жұмысының тақырыбын ашатын бағытты анықтайды. Зерттеу барысын немесе зерттеушілердің әрекеттерін қысқаша сипаттау бойынша осы дағдыны бағалау тапсырмаларында оның мақсатын нақты тұжырымдау ұсынылады.

«Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасы мазмұнында қарастырылған әрбір практикалық жұмыс міндетті түрде зерттеу мақсатын тұжырымдауды болжайды.

Мақсатты ұсынылып отырған: анықтау, талдау, үйрену, зерттеу, диагностика жасау сөздерінің көмегімен тұжырымдауға болады.

«Деректерді интерпретациялау және сәйкес қорытынды жасау» дағдысын бағалау тапсырмаларында қорытындыны әр түрлі формада: график, кесте, диаграмма, фотосурет-тер, географиялық карталар, сөздік мәтін түрінде ұсынылған деректерді интерпретациялау негізінде қорытындыны тұжырымдау қажет және деректер формалары үйлесімді түрде берілуі керек.

Әр түрлі дерек көздерінің аргументтері мен дәлелдерінің ғылыми көзқарастарын бағалау дағдысы бойынша түрлі дерек көздеріндегі, мысалы, ғылыми-бұқаралық мәтіндер, БАҚ хабарламалары, адамдардың пікірлеріндегі ғылыми көзқарастың дұрыстығын және тұжырымдарының сенімділігін бағалау ұсынылады.

Деректерді ұсынудың бір формасынан екіншісіне түрлендіру дағдысы бойынша тапсырмаларда оқушыларға ғылыми ақпаратты бір формадан екіншіге, мысалы, сөздік

ақпаратты – сызбанұсқаға, кесте формасын – гистограмма, график немесе диаграммаға және т.б. түрлендіруге ұсынылуы тиіс.

Мысалы, 6 сыныпта «6.1.5.1 алынған деректерді графикалық түрде көрсету» оқу мақсатын қарастырайық. Зерттеу барысында алынған мәліметтерді графикалық түрде көрсете білу 5-6 сынып оқушыларында жиі кездесетін қиындықтардың бірі болып табылады. Мұндай қиыншылықтарды шешу үшін алдымен оқушыларға дизайн, кесте, график, диаграмма және сызбалар ережелерін сақтауды үйрету ұсынылады. Деректерді жинау кезінде олар қарындашпен сызылған кестеге жазылуы керек, ал ондағы жазбалар қаламмен жасалады. Бірінші бағанда – тәуелсіз айнымалының деректері, ал екіншісі және үшінші бағандарда – тәуелсіз және бақылаушы айнымалылар жазылады. Мысалы, 6-сыныпта « 6.3.3.1 заттың қасиеттерін: балқу және қайнау температураларын сипаттау» оқу мақсаты бойынша су көлемінің қайнау уақытына әсерін зерттеуге болады. Онда тәуелсіз айнымалы судың көлемі, ал тәуелді айнымалы қайнау уақыты болып табылады. Тәуелді айнымалы тәуелсіз айнымалыға тәуелді болғандықтан ол эксперимент барысында өзгереді. Алынған деректерді график түрінде көрсетуге болады.



7-сурет. Графикті рәсімдеу үлгісі

Графикті рәсімдеуде келесі ережелерді ескеруті ұсынылады:

- график қарындашпен сызылады, ал ондағы жазбалар қаламмен жазылады;
- графикті құрғанда, ол кеңістіктің шамамен 75%-ын алуы керек;
- осьтерде айнымалылардың максималды мәндері көрсетілуі керек.
– осьтерде мәндер арасындағы тең аралық сақтау керек, мысалы, 100, 200, 300.

Негізгі мектептің оқушылары орташа деңгейдегі тапсырмаларды орындау барысында кесте, график, гистограмма және диаграммалардағы ақпараттарды түсіндіріп және ол бойынша қорытынды жасай білуі керек. Оқу бағдарламасындағы барлық практикалық жұмыстарда түрлі деректерді талдау және интерпретациялау қамтылған. Сондықтан ол оқу бағдарламасының мазмұны арқылы дамитын негізгі қалыптастырушы зерттеу дағдыларының бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, жаңартылған оқу бағдарламасын игеру оқушылардың негізгі құзыреттіліктері мен жаратылыстану-ғылыми функционалды сауаттылықтарын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Жаратылыстану» пәні бойынша 5-6 сыныптарға арналға Оқу бағдарламасы/2017.
2. «Оқушылардың жаратылыстану-ғылыми сауаттылықтарын қалыптастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар, ББО,НЗМ, 2020.
3. URL: https://www.hm.ee/ru/meropriyatiya/issledovaniya-i-statistika/pisa.

МАЗМҰНЫ • СОДЕРЖАНИЕ • CONTENTS

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті Басқарма Төрағасы-Ректордың м.а., Е. М. Исакаевтың құттықтау сөзі
Приветственное слово на открытии конфепенции и.о председателя Правления-Ректора Костанайского регионального университета имени А.Байтурсынова Е.М. Исакаева **3**
Chairperson of the Board-Rector of A.Baitursynov Kostanay Regional University, Vice-Rector for Academic Affairs Ye. M. Isakaev's welcome words to the opening of the conference

ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

PLENARY SESSION

Брагина Т.М., Ковшарь А.Ф., Катцнер Т., Ковшарь В.А., Брагин А.Е., Ильяшенко Е.И., Рулёва М.М., Бобренко М.А., Зейнелова М.А., Батряков Р.Р.
Памяти Евгения Александровича Брагина – исследователя орнитофауны Северного Казахстана, миграционного поведения и особенностей гнездования хищных птиц (08.08.1954 – 25.08.2020) **8**
In memory of Evgeny Alexandrovich Bragin – researcher of the avifauna of Northern Kazakhstan, migratory behavior and features of nesting birds of prey (8.08.1954 – 25.08.2020)

Айдарханова Г.С.
Состояние растительности степных техногенно нарушенных агроэкосистем **15**
The state of steppe vegetation technogenically disturbed agroecosystems

Брагина Т.М.
Степные экосистемы Казахстана и их охрана **20**
Steppe ecosystems of Kazakhstan and their conservation

Баринова С.С., Крупа Е.Г.
Новые подходы к использованию водорослей индикаторов органического загрязнения на примере озер Щучинско-Боровской курортной зоны (Северный Казахстан) **27**
New Approaches to the Use of Algae Indicators of Organic Pollution on the Example of the Lakes of the Shchuchinsko-Borovsk Resort Zone (Northern Kazakhstan)

Миноранский В.А., Узденов А.М., Даньков В.И., Малиновская Ю.В.
Проблемы сохранения сайгака (*Saiga tatarica* L.) в России и разведения его в искусственных условиях **32**
Problems of saiga conservation (Saiga tatarica L.) in Russia and breeding in artificial conditions

Нурушев М.Ж., Касымбеков Н.Ж.
Эволюция, современное состояние и перспективы развития коневодства – как символа животного мира степей **37**
Evolution, current state and prospects for the development of horse breeding – as a symbol of the animal world of the steppes

Плохих Р.В.
Степные ландшафты Казахстана и их туристский потенциал **42**
Steppe landscapes of the Kazakhstan and their tourist potential

Соловьев С.А., Севелей Ш.С.
Орнитофауна и редкие виды птиц степи Центрально-Тувинской котловины **47**
Avifauna and rare birds of the steppe of the Central Tuva bowl

Тарасовская Н.Е.
Наблюдения за гнездованием ушастой совы в сорочьих гнездах на юго-восточной степной окраине г. Павлодара **51**
Observing on the nestling of ear owl in magpie nests in the south-eastern outskirts of Pavlodar city

ДАЛА ЭКОЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ФЛОРАСЫ МЕН ӨСІМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫ

ФЛОРА И РАСТИТЕЛЬНЫЕ СООБЩЕСТВА СТЕПНЫХ ЭКОСИСТЕМ

FLORA AND PLANT COMMUNITIES OF STEPPE ECOSYSTEMS

Зейнелова М. А.
Типы растительности и мониторинг разнообразия флоры и растительности Наурзумского заповедника **58**
Vegetation types and monitoring of the diversity of flora and vegetation of the Naurzum Reserve

Иващенко А.А., Мамырова С.А., Нелина Н.В.
Большеголовник серпуховидный (*Rhaponticum serratuloides* (Georgi) Bobr.) во флоре государственного природного резервата «Алтын Дала» **61**
Rhaponticum serratuloides (Georgi) Bobr. in the flora of the State Nature Reserve «Altyn-Dala»

Конысбаева Д.Т., Горбуля В.С.
Ботанический потенциал растений семейства *Asteraceae* для декоративного растениеводства **68**
Botanical potential of the Asteraceae family in ornamental plant growing

Қорғанбек Х.Ғ.
Основные сорта овощных культур, возделываемые на приусадебных участках Костанайской области **73**
The main varieties of vegetable crops cultivated in private plots of Kostanay region

Оразбаева Н.У.
Ақтөбе облысы флорасының *Magnoliopsida* класы құрамындағы пайдалы өсімдіктерді талдау **78**
Analysis of useful plants of the Magnoliopsida class of flora of Aktobe region

Шәріп М.Ш.
Разработка методик применения регуляторов роста и устойчивости для повышения резистентности растений к загрязнителям горно-обогатительных производств (обзор) **82**
Development of techniques for using growth and resistance regulators to increase plants' resistance to pollutants of mining and mineral processing (a review)

ДАЛА ФАУНАСЫ МЕН ФАУНАСЫ

ФАУНА И ЖИВОТНЫЙ МИР СТЕПЕЙ

FAUNA AND WILDLIFE OF THE STEPPES

Абатуров Б.Д., Горбунов С.С., Кошкина А.И.
Пригодность степных пастбищ для сайгаков **92**
Suitability of steppe pastures for saigas

Абдукаримов А.М., Туралин Б.А., Сырымбетов С.Т.
Ақтөбе облысы аймағында кездесетін зиянкес шегірткелердің көптүрлілігі **97**
Diversity of pest locusts found in the territory of Aktobe region

Алиясова В.Н., Андриевская О.О., Шестакова А.Н.
К вопросу изучения палеохищников Казахстана (Павлодарское Прииртышье) **101**
On the issue of studying paleohistory Kazakhstan (Pavlodar Priirtyshye)

Байбусенов К.С., Аманбай Ж.З.
Применение ГИС-технологий для прогноза благоприятных мест обитания нестадных саранчовых вредителей в земледельческих районах Северного Казахстана **103**
Application of GIS-technologies for predicting habitat suitability of non-gregarious locust pests in agricultural areas of Northern Kazakhstan

**BraginaT.M., Guggenberger G., Bobrenko M.A.,
Doreen F., Rulyova M.M., Schibistova O.B.**
Abundance and structure of the soil macrofauna (Invertebrates) of the virgin steppe on the southern chernozem of the Kostanay region **110**
Численность и структура почвенной макрофауны (беспозвоночных) целинной степи на южном черноземе Костанайской области

Брагина Т. М.. Тарасенко Е. Л.
Опыт определения породы медоносной пчелы *Apis mellifera* Linnaeus, 1758 в Костанайской области по жилкованию крыла с помощью компьютерной программы А.Б. Карташева **117**
The experience of determining the breed of the honey bee Apis mellifera Linnaeus,1758 in Kostanay region by wing venation using the A.B. Kartashev computer program

Грачев Ю.А.
Динамика пространственной структуры популяций сайгака в Казахстане **123**
Dynamics of the spatial structure of saiga populations in Kazakhstan

Казьмин В.Д., Стахеев В.В., Шматко В.Ю., Сушко К.С.
Показатели плотности населения общественной полёвки, обыкновенной лисицы и корсака в пастбищных и резерватных степных экосистемах долины Западного Маныча в пик и при депрессии численности **128**
Indicators of population density of the public vole, common fox and korsak in pasture and reserve steppe ecosystems of the Western Manych valley during peak and depression of the population

**Нурушев М.Ж., Макышева А. Д., Нургалиева А.Ж.,
Тойымбаева Ж.А., Н.Ж. Касымбеков**
Сохранение биологического разнообразия – как цель стратегического развития Казахстана (методы реализации) **132**
Conservation of biodiversity as a goal of strategic development of kazakhstan (methods of implementation)

Нурушев М.Ж., Дарибай Т.О., Нурушев А.Ж.
О перспективе ботайской лошади как оригинала фауны степи в туристическом кластере Казахстана **137**
On the perspective of the botai horse as the original of the steppe faunain the tourist cluster of Kazakhstan

Тарасовская Н.Е., Каббасова М.Т.
Численность и выживаемость потомства у сороки на юго-восточной степной окраине г. Павлодара **143**
The number and survival of offspring of magpies in the south-eastern steppe outskirts of Pavlodar

Тарасовская Н.Е.
Гнездование серой вороны и пустельги в сорочьих гнездах на юго-восточной степной окраине г. Павлодара **150**
Nestling of grey crow and kestrel in the magpie's nests' on the south-eastern steppe outskirt of Pavlodar

Шупова Т. В.
Адвентивные виды птиц в фауне степных биотопов криворожского железорудного бассейна **156**
Alien bird species in the fauna of steppe biotopes of the Krivoy Rog iron ore basin

ДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ СУЛЫ – БАТПАҚТЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ФИТО-, ЗООЦЕНОЗДАРЫ ЖӘНЕ ЖАҒДАЙЫ

ФИТО-, ЗООЦЕНОЗЫ И СОСТОЯНИЕ ВОДНО-БОЛОТНЫХ УГОДИЙ СТЕПНОЙ ЗОНЫ

PHYTO-, ZOOCENOSES AND AND THE STATE OF WETLANDS OF THE STEPPE ZONE

Ахмедиева А.Т.
Қорғалжын көлдерінің жоғарғы саты су және жағалау өсімдіктеріне флористикалық талдау **166**
Floristic analysis of higher aquatic and coastal plants of the Korgalzhyn lakes systems

Бақыткерей С. Б.
Шығыс Қазақстан облысының су шаруашылығы бассейндерінің жер беті су қорларын бағалау **170**
Water resources of east Kazakhstan region assessment of surface water resources of basins

Брагина Т. М., Лобазова В. А.
Вопросы загрязнения внутренних водоемов пластиковыми отходами и возможные пути их решения **175**
Issues of pollution of internal reservoirs with plastic waste and possible ways of their solution

Брагина Т.М., Бойко И.А.
История распространения речного рака *Astacus leptodactylus* Eschscholtz, 1823 и его размерные показатели в озерах Камыстинского района Костанайской области (Казахстан) **180**
The history of the distribution of crayfish Astacus leptodactylus Eschscholtz, 1823 *and it's size indicators in the lakes of the Kamysty district of the Kostanay region (Kazakhstan*

Конысбаева Д.Т., Кусаинова М.К., Горбуля В.С.
Использование диатомита в защите культурных растений от абиотических и биотических факторов **186**
Use of diatomite in protection of cultured plants from abiotic and biotic factors

Брагина Т.М., Назаркенова А.К.
Геоэкологическая оценка искусственных водоемов Костанайской области на примере Желкуарского водохранилища **193**
Geoecological assessment of artificial reservoirs of Kostanay region on the example of the Zhelkuar reservoir

Саенко Е.М., Марченко А.О.
Результаты исследований состояния популяций раков в промысловых водоемах Ростовской области **199**
Studies of the crayfish population status in commercial water bodies of the Rostov region and their results

Сырымбетов С.Т., Абдукаримов А.М., Туралин Б.А.
Ақтөбе аймағындағы жем өзенінің ихтиофаунасының биологиялық ерекшеліктері **204**
Biological features of the ichthyofauna of the Aktobe region river

Тарасовская Н.Е.
Межвидовые отношения легочных гельминтов у остромордой лягушки в пойменных биотопах реки Иртыш в условиях снижения показателей зараженности **209**
Intraspecific interactions between lung helminthes in moor frog in flood-plain of Irtysh river in the condition on infection indicators decreasing

Тарасовская Н.Е.
Изучение внутривидовых отношений гельминтов остромордой лягушки при низких показателях зараженности путем морфометрического анализа **216**
Study on the intraspecific interactions between helminthes of moor frog with low infection levels by morphological measurement analysis

Тарасовская Н.Е.
Показатели зараженности гельминтами остромордой лягушки в различных точках Павлодарской области **222**
Indicators of helminthes infection on the moor frog from different points of Pavlodar region

Шакенева Д.К-К., Жумадилов Б.З.,
Тарасовская Н.Е., Клименко М. Ю.
К уточнению фактов произрастания *Lythrum salicaria* и *Lythrum virgatum* на территории Павлодарской области **229**
To clarify the facts of the growth of Lythrum salicaria and Lythrum virgatum on the territory of the Pavlodar region

ДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ ОРМАН АЛҚАПТАРЫНЫҢ БИОЦЕНОЗДАРЫ

БИОЦЕНОЗЫ ЛЕСНЫХ УГОДИЙ СТЕПНОЙ ЗОНЫ

BIOCENOSES OF FORESTS OF THE STEPPE ZONE

Ахметова А. К., Богданов А. В.
Исследование концентрации флавоноидных соединений в плодах *Malus baccata* **236**
Study of the concentration of flavonoid compounds in the fruits of Malus baccata

Брагина Т.М., Борисова Е.С.
Лекарственные растения лесных экосистем Мендыкаринского района Костанайской области **240**
Medicinal plants of forest ecosystems of Mendykara district of Kostanay region

Жаппарқұлова А.А.
Ribes туыстас өсімдіктердің өсірілуі және маңызы **245**
Growth and importance of Ribes relative plants

Зейнелова М.А.
Флористическое разнообразие участка Наурзум-карагай **249**
Floristic diversity of the Naurzum-Karagai site

Зейнелова М. А.
Флористическое разнообразие по типам экосистем участка Терсек-карагай **256**
Floristic variety by ecosystem types of the site Tersek-karagay

Клименко М.Ю., Тарасовская Н.Е., Жумадилов Б.З.
Перспективы морфофенетических исследований берёзы повислой (*Betula pendula*) Павлодарской области **263**
The perspectives of morphological and phenological research of Betula pendula in Pavlodar regiom

Клименко М.Ю., Тарасовская Н.Е., Жумадилов Б.З.
Изучение морфологических особенностей берёзы повислой в условиях г. Павлодар **267**
The research of morphological features of Betula pendula in conditions of Pavlodar city

Рахимжанов А.Н.
Повышение лесистости в зоне сухой степи (на примере зеленой зоны г. Нур-Султан) **272**
Increasing of forest cover percent in the dry steppe zone (on the example of the green zone of Nur-sultan city)

ДАЛА АЙМАҒЫНЫҢ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ТҮРЛЕРІ, БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

РЕДКИЕ ВИДЫ СТЕПНОЙ ЗОНЫ, ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ И ВОССТАНОВЛЕНИЯ БИОРАЗНООБРАЗИЯ

RARE SPECIES OF THE STEPPE ZONE, PROBLEMS OF CONSERVATION AND RESTORATION OF BIODIVERSITY

Алека В.П., Келгенбаев Н.С., Ауезов Д.У., Айтеков Г.С.
Вопросы сохранения биологического разнообразия в пойменных лесах р. Урал (Западный Казахстан) **278**
Issues of biological diversity conservation in the floodplain forests of the Ural river (Western Kazakhstan)

Батряков Р.Р.
О численности некоторых водоплавающих видов птиц Наурзумского заповедника занесенных в Красную книгу Казахстана и список МСОП в 2016-2021 гг. (Казахстан, Костанайская область) **282**
On the number of some waterfowl species of the Naurzum Reserve listed in the Red Book of Kazakhstan and the IUCN list in 2016-2021.(Kazakhstan, Kostanay region)

Белоус В.Н.
Урочище «Косогор» как перспективная охраняемая территория (провинция степных ландшафтов Северо-восточного Ставрополья) **287**
Tract «Kosogor» as a perspective protected territory (steppe landscape province of North-eastern Stavropol)

БрагинаТ.М., Рулёва М.М.
К созданию государственного памятника природы «Карагайлы» **292**
To the creation of the state monument of nature «Karagayly»

Брагина Т.М., Джумабаева И.Т.
Дорожная доступность природных туристических объектов Костанайской области **298**
Road accessibility and prospects for the development of natural tourist objects in the Kostanay region

Иващенко А.А., Алмабек Д.М., Төленова А.Д., Абидкулова К.Т.
Редкие виды эфемероидных геофитов степного пояса Казахстанского Тянь-шаня **303**
Rare species of ephemeroid geophytes of the steppe belt of the Kazakh Tien Shan

Katzner T. E., Efrat R., Bragin A. E., Lehnardt Y., Bragin E., Sapir N.
Migration of first-year steppe eagles (*Aquila nipalensis*) from northern kazakhstan and implications for conservation **310**
Миграция степного орла-первогодка (Aquila nipalensis) из Северного Казахстана и последствия для сохранения

Ковшарь В.А.
Угрозы фауне птиц водно-болотных угодий дельты реки Иле и Южного Прибалхашья **317**
Threats to water birds of the Ile river delta and the southern Balkhash coast

Малько С.В., Антоненко Э.А.
К вопросу загрязнения прибрежной зоны Керченского полуострова морским мусором **322**
To the question of pollution of the coastal zone of the Kerch peninsula with marine garbage

Орманбекова Д.О.
Рекультивация отвалов железорудного карьера (на примере ССГПО) **326**
Recultivation of iron ore quarry dumps (using the example of SSGPO)

Семенова А.Ю., Бедарева А.О.
О сейсморазведочных работах как антропогенном факторе на примере степной экосистемы **330**
On seismic exploration as an anthropogenic factor of steppe ecosystems

Тарасовская Н.Е., Клименко М.Ю., Алиясова В.Н.
Использование полимерных материалов для консервации археологических и палеонтологических костных экспонатов **335**
Using of polymeric materials for the conservation of archeological and paleontological bone exhibits

Тимошенко А.Ю.
Современное состояние ключевых миграционных остановок краснозобой казарки и пискульки в Костанайской области **341**
Current state of key migration stopovers sites of Red-breasted Goose and Lesser White-fronted Goose in the Kostanay region

Узденов А.М., Миноранский В.А, Даньков В.И., Малиновская Ю.В.
Деятельность ассоциации «Живая природа степи» по сохранению биоресурсов на водно-болотных угодьях международного значения в Ростовской области **347**
Activities of the Association «Wildlife of the steppe» For the conservation of biological resources on Wetlands of international importance in the Rostov region

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ВОПРОСЫ ИНТЕГРАЦИИ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК И ОБРАЗОВАНИЯ

ISSUES OF INTEGRATION OF NATURAL SCIENCES AND EDUCATION

Абикенова А.К., Гаврилова Т.В.
Межпредметные связи в преподавании школьной биологии **354**
Interdisciplinary connections in the teaching of school biology

Алексеев О. В., Чернявская О.М.
Академическая мобильность как актуальная составляющая высшего образования **357**
Academic mobility as a current component of higher education

Ахметова Э.Б., Баубекова Г.К., Баймаганбетова К.Т.
Қостанай облысының топонимикасы **362**
A geographical analysis of toponyms of the Kostanay region

Байтемиров М.К., Брагина Т.М.
Дистанционный метод получения образования через систему инновационного обучения по предмету «Биология клетки» **367**
Distance method of obtaining education through the system of innovative learning on the subject "Cell Biology"

Бақытжанова Л.А., Укбаева Т.Д.
Патогенетические аспекты коронавирусной инфекции COVID-19 **371**
Pathogenetic aspects of COVID-19 coronavirus infection

Беккер В.Р., Чернявская О.М.
Система упражнений при обучении химии для учащихся с нарушениями письма **378**
A system of exercises in teaching chemistry for students with writing disorders

Брагина Т.М., Косанова А.У.
Беспозвоночные как объект исследования в формировании познавательной деятельности учащихся **383**
Invertebrates as an object of research for the purpose of forming cognitive activity of students

Важева Н.В., Сыздыкова Ж.М., Бажыкова К.Б., Важев В.В.
QSAR-моделирование токсичности химических соединений в экологических исследованиях **387**
QSAR- modeling of the toxicity of chemical compounds in environmental studies

Гаврилова Т.В., Тарасовская Н.Е., Баймурзина Б.Ж.
Использование методики «танцевальной вечеринки» в иллюстрации закономерностей генетики **392**
Use of the «dance party» method in illustration of regularities of genetics

Гайдеман О.В.
Естествознание как интегрированная наука в образовании **396**
Natural science as an integrated science in education

Ермаханова А.А., Корогод Н.П.
Көптілділік элементтерімен биология сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша әдістемелік құрал дайындау **400**
Preparation of a methodological manual on the formation of functional literacy in biology lessons with elements of multilingualism

Жоламан А. Е.
Көкөніс дақылдарының жіктелуі мен маңызын талдау **405**
Analysis of the classification and value of vegetable crops

Жолдыбаева А.Қ.
Танымдық іс-әрекет және биологиядан қалыптастырушы бағалау тапсырмалары **408**
Cognitive activity and tasks of formative assessment in biology

Кенжебаева Б.С., Байдалинова Б.А.,
Шамшатова Ж.А., Жақыпова Т.Е.
Жаратылыстану сабағында оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру **411**
Formation of educational and cognitive activity of students in the lessons of natural science

Корогод Н.П., Сырымова А.К.
Формирование естественнонаучной грамотности на уроке биологии в средней общеобразовательной школе **415**
Development of natural science literacy in a biology lesson at general secondary school

Кулжигит А.К., Иксат Н.Н., Масалимов Ж.К.,
Курманбаева А.Б., [Р.Т.Омаров]
Изучение механизма действия супрессорного белка P19 как защитной стратегии вируса кустистой карликовости томатов **419**
Study of the mechanism of action of the suppressor protein P19 as a protective strategy of the tomato bushy stunt virus

Мухамадиева А.Д., Тулегенова Ж.А
Зең саңырауқұлақтарын қосу арқылы пісіп жетілетін жаңа ірімшіктің интенсивті технологиясын жасау **423**
Development of an intensive technology for the maturation of new cheeses with the addition of mold

Нурушев М.Ж., Дарибай Т.О., Макышева А.Д.,
Куантаева Ж.К.,.Нурушева А.М
Роль специальности «Биологические ресурсы» в образовательном процессе и развитии экономики **427**
The role of the specialty «Biological resources» in the Educational process and economic development

Омарова К.И., Коваль В.В.
Анализ климатических показателей города Костанай, Костанайской области **434**
Analysis of climate indicators of the city of Kostanay, Kostanay region

Ручкина Г.А., Кашталинчук К.А.
Исследования некоторых особенностей долговременной памяти на примере младших школьников и подростков **439**
Studies of some features of long-term memory on the example of primary school children and adolescents

Ручкина Г.А., Умарова М.Т.
Изучение проблем старения и долгожительства на примере жителей поселка Койбагор Костанайской области **443**
Studying the problems of aging and longevity on the example of residents of the village of Koybagor, Kostanay region

Ручкина Г.А., Шван Л. В.
Изучение популярности и влияния электронныхсигарет «GLO» на организм студентов **448**
Dynamics of the implementation and use of an electronic device for heating tobacco "GLO"

Суюндикова Ж.Т., Сағымбай Ж. Ж.
Рудный қаласының экологиялық қолайсыз жағдайларында тұратын мектеп оқушыларының физикалық дамуының ерекшеліктері **452**
Features of physical development of schoolchildren living in environmentally unfavorable conditions of the city of Rudny

Тауакелов Ч.А., Таурбаева Г.У.
«Сандық анализ» және «Химиялық экология» пәндерінің сабақтастығы барысында табиғи объектілерді зерттеу экспериментін жүргізу тәжірибесі **458**
Experience in conducting experiments to study natural objects in the course of continuity of the disciplines«Quantitative analysis» and «Chemical ecology»

Хасенова Н.А.
Жаратылыстану сабақтарында оқушылардың функционалды сауаттылықтарын қалыптастыру және дамыту **462**
Formation and development of functional literacy of students in science lessons

АЗИЯ ДАЛАЛАРЫНДАҒЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІК
IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
IV МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
БИОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗНООБРАЗИЕ АЗИАТСКИХ СТЕПЕЙ

BIOLOGICAL DIVERSITY OF ASIAN STEPPE
PROCEEDINGS
OF THE IV INTERNATIONAL SCIENTIFIC CONFERENCE

Басуға 2022 ж. 28.03 берілді.
Пішімі 60х84/8. Көлемі 34,0 б.т. Тапсырыс № 069.

Подписано в печать 28.03.2022
Формат 60х84/8. Объем 34,0 п.л. Заказ № 069.

А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университетінде басылған

Қазақстан Республикасы, 110000,
Қостанай қ., Тәуелсіздік қ., 118

Отпечатано в Костанайском региональном
университете им. А.Байтурсынова

Республика Казахстан, 110000,
г. Костанай, ул. Тәуелсіздік,118